

Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Бас қолбасшысының орынбасары, Әбу Даби әмірлігінің Тақ мұрагері Шейх Халифа Бин Заид Әл Нахаянның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 5 қазан N 153-ө

Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Бас қолбасшысының орынбасары, Әбу Даби әмірлігінің Тақ мұрагері Шейх Халифа Бин Заид Әл Нахаянның Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 7-9 қазандағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі Астана қаласындағы протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Бас қолбасшысының орынбасары, Әбу Даби әмірлігінің Тақ мұрагері Шейх Халифа Бин Заид Әл Нахаянның Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 7-9 қазандағы ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі Астана қаласындағы ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Біріккен Араб Әмірліктерінің ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Біріккен Араб Әмірліктерінің ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындардағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Бас қолбасшысының орынбасары, Әбу Даби әмірлігі Тақ мұрагерінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Ақтау қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып ш ы ғ у ы н ;

Астана және Ақтау қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз е т с і н .

6. Астана қаласының және Маңғыстау облысының әкімдері Біріккен Араб Әмірліктерінің ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана және Ақтау қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Бас қолбасшысының орынбасары, Әбу Даби әмірлігінің Тақ мұрагерін Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу р ә с і м і н е қ а т ы с с ы н .

8. Маңғыстау облысының әкімі Біріккен Араб Әмірліктері Қарулы

Күштерінің Бас қолбасшысы орынбасарының, Әбу Даби әмірлігі Тақ мұрагерінің құрметіне қабылдау ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 5 қазандағы
N 153 өкіміне
қосымша

Біріккен Араб Әмірліктерінің ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Біріккен Араб Әмірліктерінің ресми делегациясы мүшелерін (1+10) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар) дайындау.
4. Делегация басшысы үшін кәдесыйлар және сыйлық сатып алу.
5. Біріккен Араб Әмірліктерінің ресми делегациясын Астана және Ақтау

қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Біріккен Араб Әмірліктерінің Қарулы Күштері Бас қолбасшысының орынбасары, Әбу Даби әмірлігінің Тақ мұрагері Шейх Халифа Бин Заид Әл Нахаянның құрметіне Астана қаласында ресми қонақасы ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.